

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы

«ЖОО-дағы әдебиетті оқыту әдістемесі мен әдіснамасы»
пәні бойынша
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
Пәннің коды: 91642
Пәннің ID: 91642

«8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы
Оқыту деңгейі: докторантура

Курс – 1
Семестр – 1
Кредит саны – 5

Алматы, 2024

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты – әдістеме ғылымының өзіндік ерекшеліктерін таныту. Пәнді оқыту әдістемесін ғылыми тұрғыдан зерттеп-тану қабілеттерін дамыту. Педагогика мен әдістемедегі жаңашыл әдістемелерді талдай білуге, олардың практикадағы тиімді-тиімсіздігін анықтай білуге дағдыландыру, өз бетімен ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді іріктеу мен оларды талдай білу дағдыларын жетілдіру. Жоғары мектепте әдебиетті оқытып, үйретуде қолданылатын инновациялық-ақпараттық технологияларды меңгерту.

Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер:

1. Жаңа білім беру жүйесіндегі инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімді жолдарын игереді. Ақпараттарды қабылдауға, талдауға, жалпылауға қабілеттілігі артады.
2. Әдебиетті оқыту әдістемесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін біледі және түсінеді.
3. Пән бойынша базалық-нормативтік құжаттар мен оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді талдап, тануға үйренеді.
4. Жаңартылған білім бағдарламасын оқыту үрдісінде басшылыққа алып, пайдалануға және өз беттерінше әлемдік педагогика ғылымдағы жаңа әдістемелерді меңгереді.
5. Әдебиетті оқытуда заманауи технологияларды, оқыту әдіс-тәсілдерін қолданады.

Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар.

1 МОДУЛЬ Әдебиетті оқытудың әдіснамалық негіздері

Жоғары оқу орындарында әдебиетті оқыту әдістемесінің маңызы мен мәні.

Жоғары оқу орындарында филологиялық білім берудің міндеттері

Жоғары оқу орындарында әдебиетті оқытудың дидактикалық негіздері

Жоғары оқу орындарында әдебиетті оқытудың әдіснамалық мектептері.

Жоғары оқу орындарында педагогикалық білім берудің тиімді жолдары.

2 МОДУЛЬ Педагогикалық білім берудегі күзінеттіліктер

Жоғары оқу орындарында пәнді оқытудың кәсіби бағдары

Жоғары оқу орындарында әдебиеттануды құндылық бағдарлы оқыту

Жаңа білім парадигмасында инноватор оқытушы

Әдебиеттанудағы жаңа әдіс-тәсілдер жүйесі.

Интерактивті және инклюзивті оқыту ерекшеліктері.

1 МОДУЛЬ Әдебиетті оқытудың ғылыми-теориялық негіздері

Білім беру бағдарламасындағы мамандық пәндерінің маңыздылығы

Жобалау технологиясы арқылы әдебиетті оқытудың тиімді жолдары

Көркем шығармаларды оқытудағы ғылыми зерттеу әдістері.

Әдебиетті оқытуда қолданылатын инновациялық-педагогикалық технологиялар.

Педагогикалық білім берудегі бағалау түрлері.

Ұсынылатын дереккөздердің тізімі.

Негізгі әдебиеттер:

1. Майкл Р, Джули Ривкин. Әдебиет теориясы. Антология I, II, III, IV том –Астана, 2019
2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. (Мұғалімдерге арналған көмекші құрал) – Алматы: Рауан, 2021
3. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, «Қыздар университеті» баспасы, – Алматы 2023

Қосымша:

1. Жұмақаева Б.Д. Жыраулар поэзиясын оқыту. –Алматы, 2018
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту (Оқулық) – Алматы: Рауан, 2018
3. Сарбасов Б. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті (Оқулық) – Алматы, 2022

Интернет-ресурстары:

1. <http://bilimdiler.kz/>
2. <http://alemadebiety.kz/>
3. <http://kk.wikipedia.org/>

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ/ЖАЗБАША/OFFLINE

2.1. Емтихан формасы: Стандартты жазбаша offline. Платформасы: Univer АЖ

2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты: пәнді оқу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, өз ойларын жазбаша қисынды жеткізу, өз көзқарасын дәлелдей білу.

2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

Жазбаша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақ бар:

1-сұрақ: 1 критерий. Теорияны және курс тұжырымдамасын білу. 2 критерий. Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіну және растау.

2-сұрақ: 3 критерий. Тандалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану. 4 критерий. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.

3-сұрақ: 5 критерий. Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау. 6 критерий. Өз тәжірибесінен алынған нәтиженің негіздемесі.

2.4. Емтихан өткізу рәсімі.

2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы жеке куәлік бойынша білім алушылардың жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парақтарында көрсетілген орындарға отырғызады.

2.4.3. Бөгде адамның жазбаша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы Ережелерді бұзу туралы тиісті акт жасайды.

2.4.4. Кешігіп келген білім алушылар емтиханға жіберілмейді.

2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін (2 астрономиялық сағат) кезекші оқытушы:

1) емтихан жұмыстарын жинайды;

2) әр жауап парағында жұмысты жазудың аяқталу белгісін қояды – X әрпі;

3) деканат маманына шифрлауға келу парақтарымен бірге жауап парақтарын ұсынады.

2.4.7. Деканат маманына шифрлау үшін жұмыстарды ұсыну кідірітілген жағдайда кінәлі адамдарды жауапқа тарта отырып, тиісті акт жасалады.

2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және/немесе пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарда ТАӘ және/немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы Ережелерді қайталап бұзғаны үшін білім алушы факультет кеңесінің Әдеп жөніндегі қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтихандағы мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізуге арналған нұсқаулықтарды бұзғаны анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б. актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан алынған жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күшін жою үшін шағымдану және апелляция қабылданбайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық ереже бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: «ЖОО-дағы әдбиетті оқыту әдістемесі мен әліснамасы»
 Формасы: Стандартты жазбаша offline. Платформасы: Univer АЖ

		ДЕСКРИПТОРЛАР				
№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
1 сұрақ	Критерий	90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49%	0-24 %
	1 критерий. Теорияны ұғымдар мен түсініктерді өте жақсы түсінеді. Баяндаулары нақты, ғылыми негізді.	Пәннің негізгі мақсатын, мазмұнын, пәнге байланысты ұғымдар мен түсініктерді жақсы түсінеді. Баяндаулары нақты, ғылыми негізді.	Пәннің негізгі мақсатын, мазмұнын, пәнге байланысты ұғымдар мен түсініктерді жақсы түсінеді. Баяндаулары нақты, ғылыми негізді.	Пәннің қарастыратын мәселелері, негізгі тақырыптары бойынша қойылған сұрақтарға жауаптары дұрыс емес. Баяндаулары мен тұжырымдарында стильдік, тілдік қателіктер көп ұшырасады.	Пәннің негізгі мазмұнына, ұғымдары мен тақырыптарына қатысты айтарлықтай қателіктер жіберілді.	Пәннің негізгі қарастыратыны туралы жалпы түсінігін өз сезіміне жүзіелі жеткізе алмайды.
2 сұрақ	Критерий	90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49%	0-24 %
	2 критерий. Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіну және растау.	Пәннің негізгі тақырыптары бойынша қойылған сұрақтарға жауаптарын дәйекті мысалдармен негіздей алады. Ұсынылған тапсырмаларды сауатты, ғылыми негізді, дереккөздерді дұрыс пайдалана отырып, көрнекі түрде орындаған.	Жауаптарында нақты мысалдар аз кездеседі. Кейбір ғылыми тұжырымдауларында дәлдік жетіспейді.	Жауаптарында сұрақ мазмұнын ашып бере алмайды. Мысалдар келтірілген жок.	Негізгі ұғым-түсініктерді айтуға айтарлықтай қателіктер жіберді.	Негізгі теориялық ұғымдарды растай да, дәлелдей де алмайды.
3 сұрақ	Критерий	90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49%	0-24 %
	3 критерий. Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану.	Берілген тапсырмаларды өз уақытында, дәлелді дәйектермен, жан-жақты қарастыра отырып орындайды. Тақырып бойынша жазған жазбаша жұмысында ғылыми негізді өзіндік тұжырым жасай алатындығы көрінеді.	Берілген тапсырмаларды өз уақытында орындағанмен, дәлелді дәйектерді толық келтірмеген. Жазбаша жұмысында стильдік, грамматикалық қателер ұшырасады.	Жазбаша жұмысында мазмұндық жүйелілік жоқ. Нақты зерттеу тақырыбына байланысты дереккөздерді қарастырмаған.	Тапсырмаға да, тапсырманың тақырыбына немқұрайдылықпен қараған. Стильдік, грамматикалық нормаға сай келмейтін қателер жіберген.	Жазбаша емтихан жұмысын қалай орындау керектігін білмейді. Өзіндік пікір, қорытынды тұжырым жасауды меңгермеген.
4 сұрақ	Критерий	90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49%	0-24 %
	4 критерий. Практикалық тапсырмаларды орындау және қорытынды жасау.	Практикалық жұмыс жасау барысында мысалдар келтіре отырып, тақырыпты саралай алады.	Мысалдар келтіре отырып тағалау жасауға бейімділігі бар. Дегенмен, жауаптарында жүйелілік сақталмаған.	Берілген тапсырмалар бойынша материалдарды толық қарастырмаған. Түсінбеген. Сондықтан	Емтихан сұрақтарының мазмұны бойынша қосымша сұрақтарға жауап беруге киналады.	Пәннің мазмұлы, тақырыптары бойынша материалдарды игермеген.

	негізгі мәселені ашу және шешу.			тапсырма бойынша негізгі мәселені ашып бере алмайды.		
3 сұрақ	5 критерий. Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау.	Берілген тапсырмаларды дәйекті, қисынды, сауатты, ғылыми негіздеумен отырып, кері байланыс жасай алды. Шығарманы сауатты талдап, түсіндіріп бере алады. Өзіндік тұжырымдарын бекітіп, баяндауға ғылыми стиль нормаларын сақтай отырып, жүйелі жеткізе алады. Әрине баяндау барысында	Берілген тапсырмалар бойынша жауаптарында пайдаланған әдебиеттер бойынша 3-4 қате жіберілді. Алайда бұл сапалы орындаған тапсырманың жалпы деңгейіне айтарлықтай әсер етпейді.	Жауаптары талсырмаларды орындауға қойылатын талаптарға сай келмейді. Әрі жауаптары толық емес. Түсініксіз.	Берілген сұрақтарға жауап жазылмаған. Дереккөздер, талдау әдістері қолданылмаған.	
	6 критерий. Өз тәжірибесінен алынған нәтиженің негіздемесі.	Пән арқылы білгенін, түсінгенін қалай, қайда қолдана алатындығына нақты мысалдары жетерлік. Көркем шығармаларды талдау барысында бүгінгі күннің ситуацияларымен байланыстыра отырып тұжырым жасай алады.	Пәннің мазмұны бойынша білгенін, түсінгенін, есте сақтағанын, өмірлік тәжірибеде қолдануға болатындығына мысалдары аз және нақты емес.	Пәннің негізгі тақырыптары бойынша білгенін, түсінгенін, есте сақтағанын өз сөзімен жазбаша толық жеткізіп бере алмайды.	Жазбаша талдаулары әлсіз.	Білу, түсіну, талдау жасай алу, пікірін өз сөзімен жеткізе білу дағдылары жоқ.

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6) / К, мұндағы % - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К-критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды баллды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
Критерий						
1. 1 критерий	100					
2. 2 критерий		75				
3. 3 критерий			60			
4. 4 критерий					45	
5. 5 критерий	100					
6. 6 критерий						49

